

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы бұрын-соңды болмаған қайғылы оқиғаларға байланысты Ұлттық Банк Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен және басқа мүдделі органдармен бірлесіп Сіздің тапсырмаңыз бойынша елдегі **қаржылық және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін** мынадай шараларды іске асырды.

1. Төтенше жағдай режимі кезінде берген Сіздің **шұғыл тапсырмаларыңыз** шеңберінде қаржы жүйесі **қысқа мерзімде штаттық жұмыс режиміне** қайта оралды, осы жылғы 7 қаңтардан бастап халыққа арналған негізгі банктік және басқа да қаржылық сервистер кезең-кезеңімен **қалпына келтірілді**.

Биылғы жылғы 10 қаңтардан бастап **ақша және қор нарықтарындағы операциялар қайта іске қосылды**. Ұлттық Банк стандартты құралдарға қосымша Қазақстан қор биржасында репо және своп операциялары арқылы **өтімділікті ұсыну бойынша операциялар жүргізді**. Биылғы жылғы **18 қаңтарда** жағдай тұрақтанғаннан кейін өтімділікті ұсыну бойынша арнайы құралдарды пайдалану **тоқтатылды**.

Ұлттық Банк нарықты **қолма-қол шетел валютасымен және ұлттық валютамен үздіксіз толықтырып отыруды**

қамтамасыз етті, екінші деңгейдегі банктердің барлық сұратулары толық көлемде қанағаттандырылды.

Биылғы жылғы 12 қаңтарда Қазақстан қор биржасының **валюталық алаңында** толыққанды сауда-саттық қайта іске қосылды және **халықаралық төлемдер мен аударымдарды** жүргізу қамтамасыз етілді. Бүгінде қаржы жүйесі мен қаржы нарығының инфрақұрылымы **штаттық режимде** жұмыс істейді және **барлық қызмет түрлерін көрсетеді**.

Сіздің тапсырмаңызға сәйкес Ұлттық Банк **ішкі валюта нарығындағы тұрақтылықты** қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Төтенше жағдай режимі кезінде сауда-саттықтың болмауына және шетел валютасына ұсыныстың шектеулі болуына байланысты қалыптасып жинақталған сұранысты ескере отырып, Ұлттық Банк валюталық сауда-саттықты қайта бастаудың **алғашқы 2 күнінде** көлемі **240 млн. АҚШ долларына валюталық интервенция** жүргізді. Бұл қаржылық тұрақтылық **тәуекелдеріне** және теңгеге алыпсатарлық қысым көрсетуге **жол бермеуді** қамтамасыз етті.

Қазақстан Ұлттық Банкі нарықтың ішкі және сыртқы қатысушылары тарапынан теңгеге деген **сенім толығымен қалпына келгенге** дейін **валюта нарығының теңгерімділігін қамтамасыз етеді**. Бұл ретте Ұлттық Банк Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясына сәйкес нарықтық сұраныс пен ұсыныс негізінде айқындалатын еркін бағам қалыптастыру саясатын **ұстануды сақтайды**.

2. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы, бірінші кезекте, банк секторының орнықтылығымен айқындалады.

2020 жылдан бастап Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) Ұлттық Банкпен бірлесіп қаржы секторын **қалпына келтіру**, активтер сапасын бағалау (**AQR**) және **бизнес-процестер мен тәуекел менеджментін** жақсарту жөніндегі **түзету** іс-шаралары бойынша жұмыс жүргізді.

Уақтылы қабылданған бірлескен шараларға байланысты қалыптасқан **орнықтылық буфері** бүгінгі күні **клиенттер қаражатының сақталуын** қамтамасыз ете отырып, **халыққа және бизнеске қызмет көрсету** үшін екінші деңгейдегі банктердің **операциялық қызметін** үздіксіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Банк секторының жиынтық активтері 2021 жылы **6,5 трлн. теңгеге** өсіп, **37,6 трлн. теңге** болды. Банктердің меншікті капиталы 2021 жылдың соңында **4,5 трлн. теңге** болды. Екінші деңгейдегі банктерде бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті **19,3%**, бұл ең төменгі реттеушілік талаптардан **3 есе артық** (*К1-2 бойынша ең төменгі реттеушілік деңгей 6,5%-ті құрайды*).

Өтімді активтер **1,5 трлн. теңгеге** өсіп, **16,2 трлн. теңге** болды, бұл банк секторының жиынтық активтерінің **43%-ін** құрайды. **Өтімділік** көлемі қажетті деңгейден **4 есе** асады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін **салымшылардың қаражатын сақтау** Ұлттық Банктің **басты басымдығы** болып табылады.

Белгісіздіктің жоғары болуына қарамастан, болып өткен қиын күндерде банк секторынан депозиттердің **әкетілуі орын алған жоқ**. Мысал ретінде келтірсек, осы жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары **13,5 трлн. теңгеге дейін 32 млрд. теңгеге өсті**.

Мемлекет қолданыстағы заңнамаға сәйкес халық салымдарының **сақталуын** қамтамасыз ететінін растағым келеді. **Салымшылардың сенімін арттыру** үшін олардың салымдарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша қосымша шара ретінде жинақ депозиттері бойынша кепілдік беру сомасы **15 млн. теңгеден 20 млн. теңгеге дейін өсірілді**. Бұл норма 2021 жылғы желтоқсанда Сіз қол қойған Заңға сәйкес осы жылғы 11 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры **барлық қабылданған міндеттемелерін орындауға дайын**. Осы мақсаттар үшін арнайы резерв құрылды, ол бүгінгі күні шамамен **850 млрд. теңге** болды.

Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) **қаржылық тұрақтылыққа** бірлесіп көмек көрсету шеңберінде екінші деңгейдегі банктердің операциялық қызметінің үздіксіздігін, олардың активтерінің **сақталуын** және капиталдың **жеткіліктілігін бақылауды** қамтамасыз етуге дайын. Қажет болған жағдайда Ұлттық Банк нарықтық жағдайларда банк секторының **өтімділігін қолдайды**.

3. Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс шеңберінде

Қазақстан **2022 жылы** алда болатын Кірістерді жылыстатуға/терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (КЖ/ТҚК) заңнамасы мен ұлттық жүйесінің **халықаралық стандарттар** мен **FATF** талаптарына техникалық сәйкестігін өзара бағалауға белсенді дайындықты жалғастырады.

Ол үшін күмәнді **трансшекаралық** операцияларға қолданылатын **қаржы мониторингі** шаралары күшейтілді. Осы жылғы 10 қаңтарда Ұлттық Банктің, Қаржы мониторингі агенттігі (ҚМА) мен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) **бірлескен бұйрығы** қабылданды, онда күшейтілген қаржы мониторингіне жататын трансшекаралық операциялардың **тізбесі** бекітіліп, операцияларды жүргізуге берілген өтінімдер бойынша іс-қимыл **алгоритмі** белгіленді. Екінші деңгейдегі банктер үшін бірлескен бұйрықтың нормаларын түсіндіру Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының қатысуымен жедел түрде жүргізілді.

Үздік әлемдік практиканы ескере отырып, екінші деңгейдегі банктер **KYC** (know your client) қағидаттары шеңберінде **тәуекелі жоғары операцияларды** жан-жақты зерделеу жұмысын күшейтті. Ағымдағы парламенттік сессияның соңына дейін қаржы мониторингі шараларын одан әрі күшейтуге және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) стандарттары бойынша қаржы жүйесіне **KYC** қағидаттарын толық енгізуге бағытталған заңнамалық түзетулер блогын әзірлеу және қабылдау қажет деп есептейміз.

Сіздің тапсырмаңызға сәйкес резиденттер мен бейрезиденттерді қоса алғанда, сыртқы экономикалық қызметтің **адал қатысушыларының құқықтарына** қысым жасалмайды және халықаралық операцияларды жүргізуіне **шек қойылмайды.**

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

2022 жылы және орта мерзімді перспективада инфляцияны **тұрақтандыру** Ұлттық Банк жұмысындағы **басты басымдық** болып табылады. Инфляцияның төмен және болжамды деңгейі – инвестициялық тартымдылықты сақтаудың, халықтың әл-ауқатының өсуі мен ұлттық экономиканың орнықты дамуының кепілі.

2022 жылы ағымдағы және жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, өткен жылдың **оң тәжірибесі** негізінде біздің іс-қимылымызды үйлестіруді көздейтін **Инфляцияны бақылау** жөніндегі **шаралар кешені** Үкіметпен бірлесіп әзірленетін болады.

Жоғарыда көрсетілген барлық шаралар Ұлттық Банктің **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жалғастырумен бірге **қаржылық тұрақтылықты** қамтамасыз етуге және өзіңіз инфляция бойынша алға қойған мақсат – 2025 жылы **3-4%-ке** қолжеткізуге бағытталатын болады.

Назарларыңызға рақмет!